

ӘОЖ: 372.879.6

ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БАҒЫТТАРЫ

Оймауытова Айдана Таңатқанқызы

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н. П. Албытова

Экономикалық, әлеуметтік-саяси өзгерістер адамның тіршілік деңгейіне, экологиялық жағдайларға әсер етеді. Осы ретте қазақстандықтардың, оның ішінде, өскелең ұрпақтың денсаулығына жауапкершілікті арттыру мемлекеттің негізгі саясатынан саналады. Мәселен, денсаулық сақтау, денсаулыққа кері әсерлерден аулақ болудың бірден бір жолы – салауатты өмір салтын ұстану. Бұл мемлекеттік бағдарламалардың негізгі мақсаттарынан саналады: «Оқушыларды бұқаралық спорт түрлерімен қамтуды арттыру жұмыстары жалғастырылады. Мектептерде спорттық жабдықтар жаңартылып, спорт залдарын орналастыру, оның тез салынатын құрылымдар есебінен орналастыру мәселесі шешілетін болады. Сондай-ақ, әрбір мектеп спорт залымен қамтамасыз етіледі. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигалары, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасы дамитын болады»[1].

Салауатты өмір салтын, әдетте дұрыс тамақтану, жеке бастың гигиенасын сақтау, шынығу, зиянды әдеттерден аулақ болу, қоршаған ортаның тазалығын сақтау т.б. деп қарастырады. Салауатты өмір салты адамның өз өмірін дұрыс құру, өз мүмкіндіктерін анықтап, өзін-өзі іске асыру сияқты өлшемдермен де белгіленеді. Соңғы уақытта оны адамгершілік-рухани, құндылық атаулыға негізделген ұстанымдар деген пікірлерді қолдаушылар көптеп саналады. Өйткені ой тазалығы – басты ұстаным болуы керек. Түрлі сараптамалар бүгінгі күні Жер шарында өмір сүріп жатқан тұрғындардың өз денсаулығын тұрақты түрде, ерте жастан бастауы керектігін ескертеді. Осы орайда салауатты өмір салтын жеткіншек шақта саналы түрде тұлғаның өз қолына алу қажеттігі туындайды.

Жеткіншек шақтағы басты мәселенің бірі — жеткіншектің өз ата-аналарымен, мұғалімдерімен және жалпы үлкендермен, құрбыларымен, барлық жағдайы бойынша өзіне тең немесе тең еместермен қарым-қатынасына қайта бейімделуі. Жеткіншек үшін үлкендер мен өз қатарластары мәртебесінің деңгейі бірдей болмайтындығынан қайта бейімделу

процесі әртүрлі көрініс береді. Оларды өмір ортасының карама-қайшылықтары қызықтырады, бұл жастағылардың қажеттілігі — өздерінің айналадағы адамдарға деген қарым-қатындсын, әлемдегі өзінің орнын табу. Ал бұл қажеттілік басқа адамдармен қарым-қатынастары қанағаттандырады. Жеткіншектер қоғамдық-өндірістік еңбекке қатысады. Ол тек еңбек арқылы ғана қоғамдық өмірде өз орнын таба алады, өзін бекітеді. Білім жеткіншек үшін еңбектің бастысы болып табылады. Өкінішке орай, кейбір жеткіншектердің оқу пәндеріне деген ықыласының төмендеуі, тәрбиеге қайшы келетін таңдаулары кездеседі.

Жеткіншектермен жұмыстағы негізгі педагогикалық идея: іс-әрекет түрлеріндегі жетістікке жағдай жасау, бұл сынып ұжымы алдында өзін-өзі сенімді ұстауына мүмкіндік береді; құндылықтарын қалыптастыру; мінез-құлқы мен рухани дамуына қарым-қатынастарын ұлғайтады. Жеткіншектер тәрбиесі, бірінші кезекте, олардың физиологиялық дамуына байланысты белгілі бір қиындықтар туғызады, бұл олардың танымдық процесіне және тәрбиесіне ықпал етеді. Олардың физиологиялық даму ерекшеліктерін және бұл ерекшеліктердің баланың жетілуінде көрініс табуын, жақсы ортаның, мектеп ұжымындағы достары мен жолдастарының болуын ескере отырып дұрыс ұйымдастырылған тәрбие арқылы және отбасындағы жағдайды педагогикалық қолдау қалыптастыру қажеттігі туындайды. Демек, осы жастағы оқушылармен жүргізілетін жұмыстың маңызды міндеті тәрбиешілердің мектептегі және мектептен тыс кездегі балалардың әрқайсысымен жеке жұмыс жүргізіп, қажетті әдептілікті сақтай отырып, педагогикалық ұстамдылық пен шыдамдылыққа негізделген қызметтерін дұрыс ұйымдастыру, дер кезінде қолдау көрсете білу болып табылады.

Педагогикалық қолдау деп балалардың дене және психикалық денсаулығына, қарым-қатынасына, оқуда табысты алға жылжуына, сондай-ақ өмірлік және кәсіби болашағын таңдап ала білуге байланысты жеке басының проблемаларын шешуде кәсіби педагогтардың бірінші болып жедел көмек көрсету әрекеті айтылады.

С. И. Ожеговтің түсіндірме сөздігінде: «Қолдау (поддержка) — көмек, ықпал ету» [2], ал уикипедияда «Қолдау — ықпалды адамның әлдебіреудің ісін (мысалы, қызмет бабы бойынша көтеру) ыңғайластыруға көрсететін қолдауы, қорғауы, қолтығының астына алуы» деген анықтама берілген [3].

Педагогикалық қолдау көрсетудің мәні: басқа біреуге сенімділік дарыту; оның бойында бар оң қасиеттерді бекіте түсу; дамуына кедергі келтіретін, ауырлық, жүк болып жүргендерінен арылуға жәрдемдесу [4]. Педагогикалық қолдау әсіресе қорғансыз әрі жараланғыш балаға қиын-қыстау жағдайда көмекке келу үшін қажет. Бұл қолайсыз әлеуметтік жағдайлар мен психологиялық күйзелістен ашық түрде және моральдық қорғау, жамандыққа өз бетінше қарсы тұра білуіне жағдай жасау. Бұл баланың денсаулығына, оқуда алға жылжуына, қарым-қатынастары мен өмірде өзін-өзі таба білуіне байланысты жеке басының проблемаларын шешуге бағытталған алдын алушылық және жедел көмектер. Педагогикалық әрекеттің мәні — оқушыға жеке басындағы кедергілерді жоюға ғана көмектесіп қоймай, сонымен қатар оны өзінің проблемаларын тани білуге және оны шеше білу әдістерін меңгеруіне көмектесу.

Бүгінде жаңа педагогикалық технологияның дамуы және кеңінен қолданылуы нәтижесінде (Е. А. Александрова, М. В. Алешина, О. М. Кодатенко және т. б.) педагогикалық қолдау идеясы оқу орнына, оның мақсатына, оқытудың міндеттері мен шарттарына байланысты көшіріледі және нақтыланады [4.] Педагогикалық қолдау ұғымының ғалымдар берген түрлі түсініктемелері бар. Мәселен, Австралияда — бұл ұнамды өзгерістерде тұлғаға көмек және ықпал жасау; Ұлыбританияда — қамқоршылық, пасторлық көмек, таңдау жағдаятындағы көмек; Голландияда — бұл балаға оқу үдерісінде және кәсіби таңдауда психологиялық-педагогикалық көмек; АҚШ-та — мектептік психологиялық-педагогикалық кеңес беру. Ресей ғалымдары педагогикалық қолдауды гуманистік парадигма бағытында қарастырады «ересек адам мен баланың тұлғалық өзара әрекетін ұйымдастыру технологиясы, педагогикалық сүйемелдеуші, тұлғалық даму үшін психологиялық қолайлы жағдай жасау үдерісі, тәрбиелік технология ретінде сипаттайды. Педагогикалық қолдауды

жүзеге асыра отырып, шектеу сезімін сақтау, педагогикалық такт мәселелерін басшылыққа алу маңызды. Тәрбиенің гуманистік парадигмасының негізгі идеяларының бірі — педагогтың тәрбиелік позициясының негізі тәрбиеленушіге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету идеясы болып табылады. Әрбір баланың өмірінде күрделі мәселелер мен қиын міндеттер туындайды, демек, проблемасыз бала болмайды. Педагогикалық қолдау баланың өмірінде проблема туындаған кезде қажет.

Соңғы уақытта «қолдау» сөзі балаларға білім берумен байланысты проблемалар аясын кеңейтіп, әлеуметтік-педагогикалық қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдау, әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық қолдау, медициналық-педагогикалық қолдау, медициналық-психологиялық қолдау және т. б. контексте қолданылып жүр. Бұл жерде әңгіме түрлі мекемелердің белгілі бір практикалық әрекеті жайлы болып отыр. Мекеме атауындағы «қолдау» сөзі барлығына түсінікті дабылдың функциясын атқарады, яғни қиын жағдаятқа тап болған адамдарға көмек көрсетіледі. Әдетте әлеуметтік қолдау қамқоршылық және құрылтайшылық проблемаларымен, үйсіздерге көмекпен айналысады.

Психологиялық қолдау эмоционалдық проблемалары бар адамға көрсетіледі; медициналық қолдау физикалық денсаулықпен байланысты проблемаларға шоғырландырылған және т. б. жандарға қатысты қолданылады. Ал, қолдаудың мәнін бөліп көрсету оңай емес, ол тұжырымдама, модель және практикалық тәжірибе, тұтас инновациялық білім берудегі құбылыс ретінде қарастырылады. Кез келген инновация сияқты, педагогикалық қолдаудың өз авторлары, өзінің қалыптасу тарихы бар. Оны теориялық зерттеу және тәжірибеде іске асыру Олег Семенович Газман басқарған ғылыми қызметкерлерінің зерттеу, анықтау жұмыстарында ғылыми қолданысқа енді.

О.С.Газманның шәкірттері мен ізбасарлары «Білім беруде баланы педагогикалық қолдау» лабораториясында тың идеяны жалғастырды. Дайындалған тұжырымдама және модель негізінде сынып тәрбиешілерін даярлау жүзеге асырылып келеді. Педагогикалық қолдау технологиясын меңгере отырып, педагогтар әлеуметтік-педагогикалық жобалау принциптерін игереді. Білім берудегі педагогикалық қолдаудың әдіснамалық және мәдени негіздері бірінші кезекте педагогикалық білім мен тәжірибені құрудағы гуманистік дәстүрлер және антропологиялық тұғырлармен байланысты[5].

Педагогикалық қолдауды жүзеге асыруда өсіп келе жатқан адам бұл қолдауды қабылдауы үшін оны неге үйрету қажеттігін нақты білу өте маңызды. Олай болса, жеткіншектердің салауатты өмір салты бағыттарын анықтауға қолдау көрсету өзекті болмақ. Жалпы білім беретін мектепте Өзін-өзі тану пәні мен сынып сағаттарын және отбасы тәрбиесін өзара сабақтастықта қарастыра келе, салауатты өмір салтын қалыптастыруда төмендегідей бағыттарды ұсынамыз:

- рухани – адамгершілік бағыт: «Ақыл, қайрат, жүректі қатар ұста»;
- психологиялық білім бағыты: «Жанның тазалығы – деннің саулығы»;
- қарым-қатынас мәдениеті бағыты: «Жақсылығың да өзіңе, жамалығың да өзіңе»;
- экологиялық бағыт: «Жақсы астан жаман ауру қашады», «Шынықсаң, шымыр боласың».

Салауатты өмір салты өздігінен қалыптаспайды, ол белсенді іс-әрекетті, күш-жігерді қажет етеді. Сондықтан жеткіншек жастағылардың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың болашағына жауапты тараптар сауатты түрде олардың салауатты өмір салтының қалыптасуына қолдау көрсету қажет. Ертеңгі ел егемендігінің тұрақтылығы бүгінгі жеткіншектердің жігерлі, қайратты, рухани саулығына байланысты болмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы

2. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. — М.: Мир и Образование, Оникс, 2011. — 736 с.
3. kk.wikipedia.org
4. Михайлова Н.Н. Педагогика поддержки: Учебно-методическое пособие. — М.: МИРОС, 2011. — 208 с.